

CORONA  
VIRUS2020 KZ

  
Nur Sultan

**ЕКПЕ  
ТУРАЛЫ  
НЕ БІЛУ КЕРЕК?**

# НЕ СЕБЕПТІ ВАКЦИНА САЛДЫРУ ҚАЖЕТ?



Себебі бұл – коронавирусқа қарсы күресудің бірден-бір тиімді тәсілі



Себебі бұл – иммунитетті көтерудің ең қауіпсіз тәсілі



Өзінді, жақындарыңды және екпе салынбайтындар санатына жататын басқа адамдарды қорғау үшін



Коронавирустың таралуын және оның мутациясын тоқтату үшін

# ВАКЦИНАДАН КЕЙІН ВИРУС ЖҰҚТЫРУ МҮМКІН БЕ?

Ешбір вакцина абсолютті кепілдік бере алмайды, алайда қауіпті едәуір төмендетеді

Симптомсыз пациенттер инфекция тасымалдаушылар болып табылады, сондықтан тіпті вакцинациядан кейін де әлеуметтік қашықтықты сақтауды және бетперде тағып жүруді жалғастыру қажет

Егер вакцинациядан кейін вирус жұқтырған жағдайда ауру айтарлықтай жеңіл түрде, нақтырақ айтқанда, симптомсыз өтеді

Егер адам вакцинаның бірінші дозасын салғаннан кейін COVID-19 жұқтырып алса, мұндай жағдайда екінші компонентті толық сауығып шыққаннан кейін 6 айдан соң алуына болады



# ВАКЦИНАДАН КЕЙІН ИММУНИТЕТ ҚАШАН ҚАЛЫПТАСАДЫ?



АЛҒАШҚЫ ИММУНДЫҚ ЖАУАП  
БІРІНШІ ДОЗА ЕГІЛГЕННЕН КЕЙІН  
12-14 КҮННЕН СОҢ ҚАЛЫПТАСА БАСТАЙДЫ

ТҰРАҚТЫ ИММУНИТЕТ  
ЕКІ ДОЗАМЕН ДЕ ВАКЦИНАЦИЯЛАНҒАН  
ЖАҒДАЙДА 1-1,5 АЙДАН  
КЕЙІН ҚАЛЫПТАСАДЫ

АНТИДЕНЕЛЕР ТҮЗІЛЕТІН БҮКІЛ  
КЕЗЕҢ ІШІНДЕ БАРЛЫҚ САҚТЫҚ  
ШАРАЛАРЫ САҚТАЛУЫ ҚАЖЕТ  
– БЕТПЕРДЕ ТАҒЫП, ӘЛЕУМЕТТІК  
ҚАШЫҚТЫҚТЫ САҚТАҒЫЗ

# ВАКЦИНАЛАР НЕЛІКТЕН ЕКІ КОМПОНЕНТТЕН ТҰРАДЫ?



Егер вакциналарды әзірлеу кезінде бір дозаның тиімділігі жеткіліксіз болса, вирус туралы екпе салып және антиденелерді барынша мол түзіп, бірінші дозаның әсерін күшейтуге және нығайтуға иммундық жасушаларды ынталандыру үшін екінші доза қажет

# ВАКЦИНАЦИЯҒА ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

## ВАКЦИНАЦИЯ АЛДЫН АЛА ЖАЗЫЛУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ:



**EGOV электрондық үкімет порталы арқылы**

1. Egov порталында авторизациядан өту қажет;
2. «Қызметке онлайн тапсырыс беру» бөліміне өту;
3. Өзінің медициналық ұйымын көрсете отырып, өтінім беру;
4. Өтінімді қарағаннан кейін медициналық ұйым вакцинация жүргізу күні мен уақытын анықтайды;
5. Өтінімнің мәртебесі, вакцинацияның күні мен уақыты туралы хабарламаны жеке кабинеттің «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінен көруге болады;
6. Телефонға екпені алу күні мен уақыты көрсетілген қосымша SMS-хабарлама келіп түседі.



**DAMUMED мобильді қосымшасы арқылы**

1. Жеке кабинетте учаскелік дәрігердің қабылдауына жазылу;
2. Ескертпедегі мақсат - КВИ-ге қарсы екпе алуды көрсету



**Өз емханаңызға телефонмен қоңырау шалу арқылы**

1. Өзімен бірге жеке куәлігі болуы қажет

# ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ



Ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін еліміздегі вакциналаумен қамтылған ересек тұрғындар кемінде 60 пайызды құрауы тиіс



Вакцинациядан кейін қалыптасқан иммунитет кемінде 1 жыл сақталады, ал коронавирустан жазылып шыққаннан кейін антиденелер орташа есеппен 6 ай сақталады



